**Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 8 тамыздағы № 227 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 373 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 7 қазанда № 14313 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 20.12.2022 № 371 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.12.2022 № 133 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес казино қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес букмекерлік кеңселер қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қатысты Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 20.12.2022 № 371 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.12.2022 № 133 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялау үшін оның көшірмелерін түпнұсқамен толық сәйкестікте графикалық форматта жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылып, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің этоландық бақылау банкіне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін электрондық және қағаз түрінде осы бұйрықтың көшірмелерін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы тармақтпен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді іс-шараларды орындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының орындалуы үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының орындалуы үшін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 223 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқырушының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 486 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11840 болып тіркелген, Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 28 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы | Қазақстан Республикасы |
| Мәдениет және спорт министрі | Ұлттық экономика министрі |
| _____________ А. Мұхамедиұлы | _____________ Қ. Бишімбаев |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің төрағасы
_________ С. Айтпаева
2016 жылғы 31 тамыз

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2016 жылғы 8 тамыздағы
№ 227 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 17 тамыздағы
№ 373 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 20.12.2022 № 371 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 21.12.2022 № 133 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген), " Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022

жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және бақылау субъектісіне барып профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында бақылау субъектілерін іріктеуге арналған.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау объектілері – мемлекеттік бақылау субъектісінде меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде болатын, мемлекеттік бақылауға жататын мүлік мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады;

2) бақылау субъектілері – қызметіне бақылау жүзеге асырылатын казино, ойын автоматтарының залдары, букмекерлік кеңселер, тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

2-1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар, оларды сақтамау жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндірмейді;

4) елеулі бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының талаптарын бұзу, оларды сақтамау жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі қатер төндірмейді;

4-1) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шкалаларда өлшенген мәндерді шартты жалпы шкалаға келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) өрескел бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтарының, заңды мүдделерінің елеулі бұзылуына әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының талаптарын бұзу;

6) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін ( объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі

нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

11) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

12) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу еселігі жүргізілетін талдау және субъективті өлшемдер бойынша алынатын мәліметтерді бағалау нәтижелері бойынша, бірақ жылына екі реттен жиілетпей айқындалады.

4. Мемлекеттік органның бірінші басшысы бекіткен бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімі бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындау үшін негіз болып табылады.

5. Бақылау субъектісіне (объектінің) бару арқылы профилактикалық бақылау субъектілерінің тізімі субъективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекелдік дәрежесі бар бақылау субъектісінің басымдықтарын ескере отырып жасалады.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін өлшемшарттар объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады .

**2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері ( объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері ( объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес осы Өлшемшарттардың 3-тарауына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**10-тармақ жаңа редакцияда көзделген -** ҚР Туризм және спорт министрінің 21.04.2026 № 69 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 23.04.2026 № 32 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

10. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

## 1-Параграф. Объективті өлшемшарттар

11. Ойын бизнесі саласында тәуекелдің жоғары дәрежесіне жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы тәуекелдері жатады.

Объективті критерийлер бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне келесі бақылау субъектілері (объектілері) жатады:

1) казино;

2) ойын автоматтары залдары;

3) букмекерлік кеңселер.

Объективті критерийлер бойынша тәуекелдің орташа дәрежесін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) тотализаторлар жатады.

**Параграф 2. Субъективті өлшемшарттар**

12. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

13. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін ( объектілерін) анықтау үшін қажет.

Ақпаратты жинау және өңдеу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу кезінде кәсіпкерлік сібъектілерді іріктеу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

Біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде кәсіпкерлік субъектілеріді іріктеу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

2) біліктілік талаптарына сәйкестігін алдыңғы тексерулердің нәтижелері.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды тәуекел дәрежесінің өрескел, елеулі және болмашы тобына жатқызу осы өлшемшарттарға 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 16.10.2025 № 196 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 17.10.2025 № 108 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

15. Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

**3 тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Осы Өлшемшарттардың 8-тармағына бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын ( іріктемені) құрайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

17. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPз = (SP2 x 100/SP1) x 0,7, мұнда

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPн = (SP2 x 100/SP1) x 0,3, мұнда

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SPз + SPн, мұнда

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

Ескерту. Өлшемшарттар 17-тармақпен толықтырылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

18. Осы өлшемшарттардың 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

xi - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

wi - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы xi

n – көрсеткіштер саны.

Осы өлшемшарттардың 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

Ескерту. Өлшемшарттар 18-тармақпен толықтырылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

19. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

Rmax – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

Rmin – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Rарал – осы Өлшемшарттардың 16-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Ескерту. Өлшемшарттар 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының
ойын бизнесі туралы
заңнамасын сақтаудың тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

**Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін казино мен ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі**

Ескерту. 1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 21.04.2026 № 69 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 23.04.2026 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 23.10.2024 № 188 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.10.2024 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| № р/с | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | Ойын бизнесін ұйымдастырушының ұсынылған есептілігі нысанында бейнежазба жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтердің болмауы ( ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындары жазылған ақпараттың кемінде жеті тәулік сақталуын қамтамасыз ететін және | елеулі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | құмар ойынға қатысушылардың барлығының әрекетін тіркейтін бейнежазба жүйелерімен жабдықталуы тиіс) | | |
| 2 | Бақылау субъектісіне (объектісіне ) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды белгіленген мерзімде орындамау | өрескел | |
| Казино қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | | |
| 3 | Есептік деректерде мынадай ақпаратты ұсыну туралы талаптарды сақтамау:<br>1) ойын жабдықтарының, ойын автоматтарының техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;<br>2) бейнежазба жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;<br>3) ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызы туралы мәліметтер;<br>4) ойын үстелдерінің санының өзгеруі, лицензия алған кезде көрсетілген жабдықты ауыстыру туралы мәліметтер;<br>5) кассалар тізімі және қызметкерлер саны туралы мәліметтер;<br>6) қызмет түрінен төленген салықтың жалпы сомасы туралы мәліметтер | елеулі | |
| 4 | Бір казинода кемінде отыз ойын үстелін орнату жөніндегі талаптарды сақтамау | өрескел | |
| 5 | Ойын автоматтарын немесе олардың бөліктерін казинодағы қабырғаларға, терезе және есік ойықтарына орнатуға тыйым салу туралы талапты сақтамау | өрескел | |
| 6 | Ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызына қатысты талаптарды сақтамау тоқсан бес пайыздан төмен емес | өрескел | |
| | Ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындарын жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және құмар ойынға қатысушылардың | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | барлығының әрекеттерін тіркейтін бейнежазба жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамау | өрескел | |
| 8 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау, атап айтқанда:<br>1) Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған жағдайда өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру;<br>2) өз клиенттеріне (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне тиісті тексеру жүргізу кезінде мынадай шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ заңды мекенжайын тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту;<br>3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру | өрескел | |
| 9 | Жиырма бір жасқа дейінгі жеке тұлғалардың, сондай-ақ құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға шектелген адамдардың құмар ойындарға қатысуына тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 10 | Мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау бөлігінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді | болмашы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды сақтамау | | |
| 11 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция) ұсынбау (жасалған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей) | елеулі | |
| 12 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға типологияларға, қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциялары туралы ақпаратты ұсынбау | өрескел | |
| 13 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (операция күдікті деп танылған кезде мұндай операция жүргізілгенге дейін оны дереу қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарлау) | өрескел | |
| 14 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (олар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған, бақылау субъектісінің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес операция күдікті деп танылғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей ұсынылады) | өрескел | |
| 15 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды ( жылыстатуды), терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды болғызбау мақсатында ішкі бақылау қағидаларының болмауы | өрескел | |
| | Ішкі бақылау қағидаларында мынадай бағдарламалардың болмауы:<br>қаржы мониторингі субъектісінің басшы қызметкерлері немесе тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | емес қаржы мониторингі субъектісінің өзге де басшылары қатарынан ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы талапты, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы бақылау, оның ішінде мінсіз іскерлік беделдің болуы туралы; клиенттердің тәуекелдерін және технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, қызметтерді қылмыстық мақсатта пайдалану тәуекелдерін ескеретін тәуекелдерді басқару бағдарламасы;<br>клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы; клиенттердің операцияларын бақылау және зерттеу бағдарламасы, оның ішінде клиенттердің күрделі, әдеттен тыс үлкен операцияларын зерттеу | өрескел | |
| 17 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау және оқыту бағдарламасының болмауы | болмашы | |
| 18 | Клиентке іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және ( немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту және (немесе ) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту туралы ақпарат бермеу жөніндегі міндеттерді орындамау | елеулі | |
| | Ақшамен және (немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөнінде шаралар қолданбау және (немесе) қаржы мониторингі жөніндегі | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | уәкілетті органға ақшамен және ( немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөніндегі шаралар туралы ақпарат ұсынбау фактілерінің болуы | өрескел | |
| 20 | Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертуде болжамды теріс салдардың қамтылуы болмауы | болмашы | |
| 21 | Мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізген тұлғалардың қатысуына салынған тыйымды орындамау | өрескел | |
| 22 | Уәкілетті орган бекіткен ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларына ойын мекемесі, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының жұмыс қағидаларының сәйкес келмеуі | өрескел | |
| Ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | | |
| 23 | Есептік деректерде мынадай ақпаратты ұсыну туралы талаптарды сақтамау:<br>1) ойын жабдықтарының, ойын автоматтарының техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;<br>2) бейнежазба жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;<br>3) ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызы туралы мәліметтер;<br>4) ойын үстелдерінің санының өзгеруі, лицензия алған кезде көрсетілген жабдықты ауыстыру туралы мәліметтер; | елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 5) кассалар тізімі және қызметкерлер саны туралы мәліметтер;<br>6) қызмет түрінен төленген салықтың жалпы сомасы туралы мәліметтер | | |
| 24 | Ойын автоматтарын залда кемінде алпыс ойын автоматын орнату жөніндегі талаптарды сақтамау | өрескел | |
| 25 | Ойын автоматтарын немесе олардың бөліктерін Ойын автоматтары залдарындағы қабырғаларға, терезе және есік ойықтарына орнатуға тыйым салу туралы талапты сақтамау | өрескел | |
| 26 | Ойын автоматына технологиялық тұрғыда тоқсан бес пайыздан төмен емес орналастырылған ұтыс пайызына қатысты талаптарды сақтамау | өрескел | |
| 27 | Ойын мекемелерінің кассалары мен ойын орындарын жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және құмар ойынға қатысушылардың барлығының әрекеттерін тіркейтін бейнежазба жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамау | өрескел | |
| 28 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау, атап айтқанда:<br>1) Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған жағдайда өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру;<br>2) өз клиенттеріне (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне тиісті тексеру жүргізу кезінде мынадай шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: оның жеке басын куәландыратын құжаттың | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | деректерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ заңды мекенжайын тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту;<br>3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру | | |
| 29 | Жиырма бір жасқа дейінгі жеке тұлғалардың және құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға шектелген адамдардың құмар ойындарға қатысуына, сондай-ақ атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізген тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 30 | Мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау бөлігінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды сақтамау | болмашы | |
| 31 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция) ұсынбау (жасалған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей) | елеулі | |
| 32 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға типологияларға, қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | клиенттің операциялары туралы ақпаратты ұсынбау | | |
| 33 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (операция күдікті деп танылған кезде мұндай операция жүргізілгенге дейін оны дереу қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарлау) | өрескел | |
| 34 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (олар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған, бақылау субъектісінің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес операция күдікті деп танылғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей ұсынылады) | өрескел | |
| 35 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды ( жылыстатуды), терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды болғызбау мақсатында ішкі бақылау қағидаларының болмауы | өрескел | |
| 36 | Ішкі бақылау қағидаларында мынадай бағдарламалардың болмауы:<br>қаржы мониторингі субъектісінің басшы қызметкерлері немесе тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес қаржы мониторингі субъектісінің өзге де басшылары қатарынан ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы талапты, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы бақылау, оның ішінде мінсіз іскерлік беделдің болуы туралы; клиенттердің тәуекелдерін және технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін | өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | қоса алғанда, қызметтерді қылмыстық мақсатта пайдалану тәуекелдерін ескеретін тәуекелдерді басқару бағдарламасы; клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы; клиенттердің операцияларын бақылау және зерттеу бағдарламасы, оның ішінде клиенттердің күрделі, әдеттен тыс үлкен операцияларын зерттеу | |
| 37 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау және оқыту бағдарламасының болмауы | болмашы |
| 38 | Клиентке іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және ( немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту және (немесе ) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту туралы ақпарат бермеу жөніндегі міндеттерді орындамау | елеулі |
| 39 | Ақшамен және (немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөнінде шаралар қолданбау және (немесе) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға ақшамен және ( немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөніндегі шаралар туралы ақпарат ұсынбау фактілерінің болуы | өрескел |
| 40 | Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертуде болжамды теріс салдардың қамтылуы болмауы | болмашы |
| 41 | Мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізген тұлғалардың қатысуына салынған тыйымды орындамау | |
| 42 | Уәкілетті орган бекіткен ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларына ойын мекемесі, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының жұмыс қағидаларының сәйкес келмеуі | өрескел |

Қазақстан Республикасының
ойын бизнесі туралы
заңнамасын сақтаудың тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

## Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін казино мен ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 21.04.2026 № 69 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 23.04.2026 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 23.10.2024 № 188 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.10.2024 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| № р/с | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | Ойын бизнесін ұйымдастырушының ұсынған есептілігі нысанында ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың белгіленген пайызы туралы мәліметтердің болмауы (ойын автоматына технологиялық салынған ұтыстың пайызы тоқсан бес пайыздан төмен болмауы тиіс) | елеулі |
| | Ойын бизнесін ұйымдастырушының ұсынған | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | есептілігі нысанында ойын үстелдерінің санының өзгеруі, лицензия алған кезде көрсетілген жабдықты ауыстыру туралы мәліметтердің болмауы (бір казинода кемінде отыз ойын үстелі орнатылуы тиіс) | елеулі | |
| 3 | Ойын бизнесін ұйымдастырушының ұсынған есептілігі нысанында ойын үстелдерінің санының өзгеруі, лицензия алған кезде көрсетілген жабдықты ауыстыру туралы мәліметтердің болмауы (ойын автоматтарының бір залында кемінде алпыс ойын автоматы орнатылуы тиіс) | елеулі | |
| 4 | Ұсынылған анықтамаларда казино қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтің мөлшері 60000 айлық есептік көрсеткіш) | өрескел | |
| 5 | Ұсынылған анықтамаларда Ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтің мөлшері 60000 айлық есептік көрсеткіш) | өрескел | |
| 6 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың уәкілетті органға банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның болуы және қозғалысы туралы анықтаманы кемінде үш айда бір рет ұсынбауы | өрескел | |
| Казино қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | | |
| 7 | Казино қызметін жүзеге асыру үшін үш жұлдыздан төмен емес санаттағы қонақ үй кешенінде меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде ғимараттың ( ғимараттың, құрылыстың, құрылыстың бір бөлігінің) болмауы | өрескел | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында рұқсат беру құжатының болмауы ( эпидемиялық маңызы жоғары объектілер үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы шамалы объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) | елеулі | |
| 9 | Казино қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында ойын жабдығының болмауы | елеулі | |
| 10 | Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болмауы | болмашы | |
| 11 | Казино қызметін жүзеге асыру үшін қазақ және орыс тілдерінде қолданылатын заңдастыру белгілерінің үлгілері мен номинацияларының болмауы | болмашы | |
| 12 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың казино қызметін жүзеге асыру үшін 60 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде міндетті резервтерге қойылатын талаптарды сақтамауы | өрескел | |
| | Ойын мекемесінде көрнекті жерде , сондай-ақ ойын бизнесін ұйымдастырушының интернет-ресурсында (бар болса) орналастырылған ойын мекемесі жұмысының, ставкаларды қабылдаудың және қазақ және орыс тілдерінде өткізілетін құмар ойындардың әзірленген қағидаларының болмауы, олар мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс :<br>1) ойын мекемесінің атауы;<br>2) орналасқан жері, банктік деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, интернет-ресурсы (бар болса) көрсетілген ойын бизнесін ұйымдастырушының атауы;<br>3) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия, оның қолданылу мерзімі туралы ақпарат; | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | 4) құмар ойындарға шамадан тыс құмарлықтың зияны туралы ескерту;<br>5) құмар ойындарға қатысуды дербес шектеу тәртібі;<br>6) құмар ойынға қатысушыларға, сондай-ақ олардың жақын туыстарына психологиялық көмек көрсететін мамандардың (мекемелердің, ұйымдардың, қызметтердің) орналасқан жері мен байланыс телефондарының нөмірлері;<br>7) құмар ойынға қатысушының жеке басын анықтау тәртібі;<br>8) өткізілетін құмар ойындардың түрлері;<br>9) құмар ойындарда тікелей қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар;<br>10) ойын бизнесін ұйымдастырушының және құмар ойынға қатысушының құқықтары мен міндеттері;<br>11) құмар ойынға қатысу шарттары;<br>12) құмар ойынды, сондай-ақ ойын сессиясын өткізу тәртібі;<br>13) құмар ойындарда ставкаларды қабылдау шарттары;<br>14) құмар ойынға қатысушыға ұтыс төленуге жататын нәтиже;<br>15) дауларды қарау тәртібі;<br>16) өзге де мәліметтер | болмашы | |
| Ойын автоматтары залдарының қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | | |
| 14 | Ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздегі казино қызметі жүзеге асырылатын үш жұлдыздан кем емес санаттағы қонақүй кешеніндегі ғимараттың (ғимарат, құрылыс, құрылысжай бөліктерінің) болмауы | өрескел | |
| 15 | Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында рұқсат беру құжатының болмауы (эпидемиялық маңызы жоғары объектілер үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, | елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | эпидемиялық маңызы шамалы объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) | |
| 16 | Ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында ойын жабдығының болмауы | елеулі |
| 17 | Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болмауы | болмашы |
| 18 | Ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыру үшін қазақ және орыс тілдерінде қолданылатын заңдастыру белгілерінің үлгілері мен номинацияларының болмауы | болмашы |
| 19 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың Ойын автоматтары залының қызметін жүзеге асыру үшін 60000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде міндетті резервтерге қойылатын талаптарды сақтамауы | өрескел |
| | Ойын мекемесінде көрнекті жерде , сондай-ақ ойын бизнесін ұйымдастырушының интернет-ресурсында (бар болса) орналастырылған ойын мекемесі жұмысының, ставкаларды қабылдаудың және қазақ және орыс тілдерінде өткізілетін құмар ойындардың әзірленген қағидаларының болмауы, олар мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс :<br>1) ойын мекемесінің атауы;<br>2) орналасқан жері, банктік деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, интернет-ресурсы (бар болса) көрсетілген ойын бизнесін ұйымдастырушының атауы;<br>3) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия, оның қолданылу мерзімі туралы ақпарат;<br>4) құмар ойындарға шамадан тыс құмарлықтың зияны туралы ескерту;<br>5) құмар ойындарға қатысуды дербес шектеу тәртібі; | |

| | | |
|---|---|---|
| 20 | 6) құмар ойынға қатысушыларға, сондай-ақ олардың жақын туыстарына психологиялық көмек көрсететін мамандардың ( мекемелердің, ұйымдардың, қызметтердің) орналасқан жері мен байланыс телефондарының нөмірлері;<br>7) құмар ойынға қатысушының жеке басын анықтау тәртібі;<br>8) өткізілетін құмар ойындардың түрлері;<br>9) құмар ойындарда тікелей қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар;<br>10) ойын бизнесін ұйымдастырушының және құмар ойынға қатысушының құқықтары мен міндеттері;<br>11) құмар ойынға қатысу шарттары;<br>12) құмар ойынды, сондай-ақ ойын сессиясын өткізу тәртібі;<br>13) құмар ойындарда ставкаларды қабылдау шарттары;<br>14) құмар ойынға қатысушыға ұтыс төленуге жататын нәтиже;<br>15) дауларды қарау тәртібі;<br>16) өзге де мәліметтер | болмашы |

Қазақстан Республикасының
ойын бизнесі туралы
заңнамасын сақтаудың тәуекел
дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 3
-қосымша

## Бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. Өлшемшарттар 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда -ҚР Туризм және спорт министрінің 21.04.2026 № 69 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 23.04.2026 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

| № р/с | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Ойын бизнесін ұйымдастырушының ұсынылған есептілігі нысанында бейнежазба жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтердің болмауы ( букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың кассалары жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және бәс тігудің барлық қатысушыларының әрекеттерін тіркейтін бейнежазба жүйелерімен жабдықталуы тиіс) | елеулі |
| 2 | Бақылау субъектісіне (объектісіне ) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдарды белгіленген мерзімде орындамау | өрескел |
| Букмекерлік кеңселердің қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | |
| 3 | Бағдарламалық қамтамасыз етумен және (немесе) жабдықты ( механикалық, электрлік, электрондық немесе өзге де техникалық жабдықты) пайдалану және (немесе) оқиғаны тікелей трансляциялаудан басқа кез келген визуализациялау жолымен туындайтын оқиғаларға бәс тігуді ұйымдастыруға және жүргізуге тыйым салуды сақтамау | өрескел |
| 4 | Есептік деректерде мынадай ақпаратты ұсыну туралы талаптарды сақтамау:<br>1) бейнежазба жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;<br>2) кассалар тізімі және қызметкерлер саны туралы мәліметтер;<br>3) қызмет түрінен төленген салықтың жалпы сомасы туралы мәліметтер | елеулі |
| | Тұрғын емес үй-жайларда букмекерлік кеңселер кассаларының орналасуы бойынша талаптарды сақтамау. Оларды тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) тұрғын емес үй-жайларында, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен олардың кешендерінің ғимараттарында | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | және басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерінде, ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), мемлекеттік органдар мен мекемелердің, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдарының, әуежайлардың, вокзалдардың ғимараттарында, қалалық қоғамдық көліктің барлық түрлерінің станциялары мен аялдамаларында орналастыруға тыйым салынады және қала маңындағы байланыс | өрескел | |
| 6 | Бәс тігуге қатысушыларға нәтижесіне ставкалар жасалған оқиғаның дамуы мен нәтижесін байқауға, сондай-ақ бәс тігуге қатысушыларға букмекерлік кеңсенің электрондық кассаларына немесе қабылданған ставкалар, төленген және төленбеген ұтыстар туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін байланыс қызметтерін қоса алғанда, техникалық құралдарды ұсынуға мүмкіндік беретін жабдықты букмекерлік кеңселердің кассаларынан тыс орналастыруға тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 7 | Букмекерлік кеңселердің кассаларын жазылған ақпараттың кемінде жеті тәулік сақталуын қамтамасыз ететін және бәс тігудің барлық қатысушыларының әрекеттерін тіркейтін бейнежазба жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамау | өрескел | |
| 8 | Жеке күзет ұйымының немесе аумақтық ішкі істер органының кезекші бөлігінің орталықтандырылған пультіне қосылған букмекерлік кеңселердің кассаларын металл есікпен, брондалған шынымен және дабыл сигнализациясымен жарақтандыру жөніндегі талаптарды сақтамау | болмашы | |
| | Букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу үшін аппараттық-бағдарламалық кешен мен жабдық арқылы міндеттерін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | сақтамауы жасалған ставкалардың жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәс тігуге қатысушылардың ставкаларын өңдеуді және ұтысты төлеуді жүзеге асыру және қамтамасыз ету | елеулі | |
| 10 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау, атап айтқанда:<br>1) Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған жағдайда өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру;<br>2) өз клиенттеріне (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне тиісті тексеру жүргізу кезінде мынадай шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ заңды мекенжайын тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту;<br>3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру | өрескел | |
| 11 | Букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының аппараттық-бағдарламалық кешенмен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамауы | елеулі | |
| | Букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының аппараттық-бағдарламалық кешен | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | есептеген коэффициенттер негізінде және аккредиттелген спорт федерациялары немесе халықаралық спорт ұйымдарының, федерациялардың, комитеттердің қамқорлығымен өткізілетін спорттық жарыстар шеңберінде болатын алдағы нақты оқиғаларға ғана ставкаларды қабылдау жөніндегі талаптарын сақтамауы | өрескел | |
| 13 | Букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының ставка қабылданғанға дейін қатысушының жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін деректерді енгізе отырып, аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәс тігуге қатысушыны тіркеу міндетін сақтамауы | елеулі | |
| 14 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешен серверіне, атап айтқанда бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген компьютерлік жүйе болып табылатын бақылау-кассалық машинаны фискалдық режиммен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтамауы. Аппараттық-бағдарламалық кешеннің сервері Қазақстан Республикасының аумағында ойын бизнесін ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша болуы тиіс | өрескел | |
| 15 | Букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына ұтыстар коэффициенттерін есептеуді, қабылданған ставкаларды есепке алуды, бәс тігу нәтижелері бойынша ұтыстарды есептеуді, ұтыстарды есепке алуды және олар бойынша төлемдерді аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтамауы | елеулі | |
| | Аппараттық-бағдарламалық кешеннің букмекерлік кеңселер кассаларымен өзара іс-қимылын | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16 | қамтамасыз ету жөніндегі букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың уәкілетті органға Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат жинауды және беруді жүзеге асыру жөніндегі талаптарды сақтамауы | өрескел | |
| 17 | Жиырма бір жасқа дейінгі жеке тұлғалардың, сондай-ақ құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуға шектелген адамдардың бәс тігуге қатысуына тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 18 | Мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау бөлігінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды сақтамау | болмашы | |
| 19 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция) ұсынбау (жасалған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей) | елеулі | |
| 20 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға типологияларға, қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциялары туралы ақпаратты ұсынбау | өрескел | |
| 21 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (операция күдікті деп танылған кезде мұндай операция | өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | жүргізілгенге дейін оны дереу қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарлау) | |
| 22 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (олар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған, бақылау субъектісінің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес операция күдікті деп танылғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей ұсынылады) | өрескел |
| 23 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды ( жылыстатуды), терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды болғызбау мақсатында ішкі бақылау қағидаларының болмауы | өрескел |
| 24 | Ішкі бақылау қағидаларында мынадай бағдарламалардың болмауы:<br>қаржы мониторингі субъектісінің басшы қызметкерлері немесе тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес қаржы мониторингі субъектісінің өзге де басшылары қатарынан ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы талапты, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы бақылау, оның ішінде мінсіз іскерлік беделдің болуы туралы; клиенттердің тәуекелдерін және технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, қызметтерді қылмыстық мақсатта пайдалану тәуекелдерін ескеретін тәуекелдерді басқару бағдарламасы;<br>клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы; клиенттердің | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | операцияларын бақылау және зерттеу бағдарламасы, оның ішінде клиенттердің күрделі, әдеттен тыс үлкен операцияларын зерттеу | |
| 25 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау және оқыту бағдарламасының болмауы | болмашы |
| 26 | Клиентке іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және ( немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту және (немесе ) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту туралы ақпарат бермеу жөніндегі міндеттерді орындамау | елеулі |
| 27 | Ақшамен және (немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөнінде шаралар қолданбау және (немесе) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға ақшамен және ( немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөніндегі шаралар туралы ақпарат ұсынбау фактілерінің болуы | өрескел |
| 28 | Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертуде болжамды теріс салдардың қамтылуы болмауы | болмашы |
| 29 | Мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізген тұлғалардың бәс тігуге қатысуына салынған тыйымды орындамау | өрескел |
| | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 30 | Уәкілетті орган бекіткен ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларына букмекерлік кеңсе, мөлшерлемелер қабылдаудың және (немесе) бәс тігудің жұмыс қағидаларының сәйкес келмеуі | өрескел | |
| 31 | Бірыңғай есепке алу жүйесінде есепке алынбаған букмекерлік кеңсенің кассасында мөлшерлемелерді қабылдауға және ұтыстарды төлеуге тыйым салу | өрескел | |
| 32 | Бірыңғай есепке алу жүйесінде есепке алынбаған ұтысты төлеуді қоса алғанда, бәс тігуге қатысушы мен букмекерлік кеңсе арасында төлемдерді, оның ішінде электрондық ақшаны пайдалана отырып, қабылдауға (жүзеге асыруға) тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 33 | Мөлшерлемелер мен ұтыстар бойынша есеп айырысулардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бірыңғай есепке алу жүйесінен тыс жерде букмекерлік кеңсенің электрондық кассасында мөлшерлемелерді қабылдауға және ұтыстарды төлеуге тыйым салу | өрескел | |
| 34 | Бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграцияланбай, аппараттық-бағдарламалық кешендердің жұмыс істеуіне, букмекерлік кеңсе қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының мөлшерлемелерді қабылдауына және ұтыстарды төлеуіне жол берілмейді | өрескел | |
| | Бірыңғай есепке алу жүйесіне телекоммуникация желілері арқылы қосылған аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы, бәс тігудің әрбір қатысушысы туралы ақпаратты, бәс тігудің әрбір қатысушысы бойынша қабылданған бәс тігу мөлшерлемелері (оның ішінде | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 35 | электрондық), бәс тігудің шығу нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдерді, оның ішінде:<br>бәс тігуге қатысушылар бойынша – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса ), жеке сәйкестендіру нөмірі (бәс тігу қатысушыларға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), бірыңғай есепке алу жүйесінде аккаунттың бірегей нөмірі; ойын бизнесін ұйымдастырушылар бойынша – заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы, салық салу объектісінің түрі, кассалар тізбесі (әрбір касса үшін оның ішінде кассаның түрі (жер үсті/электрондық), кассаның орналасқан жері), лицензия туралы деректер (лицензияның нөмірі, берілген күні және аяқталған күні); тігілген бәс бойынша – әрбір мөлшерлеме бойынша бірыңғай есепке алу жүйесінде аккаунттың бірегей нөмірі, бәс тігу шарттары, оның ішінде бәс тігу жасалған күні мен уақыты, бәс тігу сомасы, бәс тігу нәтижесіне тәуелді болатын оқиғалар нәтижелерінің тізбесі, бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, бәс тігу нәтижесін есептеу күні мен уақыты, бәс тігу нәтижесі (ұтыс, жоғалту, жою), бәс тігу бойынша ұтыс немесе қайтару сомасы, сондай-ақ спорттық іс-шаралар, чемпионаттар және спорт түрлері бөлінісінде бәс тігудің есепті тоқсаны ішінде барлық мөлшермелердің жалпы сомасы мен саны туралы ақпарат; қабылданған мөлшерлемелер бойынша – әрбір қабылданған мөлшерлеме туралы, оның ішінде оны қабылдау күні мен уақыты, мөлшерлеме сомасы, мөлшерлемеге қатысушымен есеп айырысу нысаны туралы, мөлшерлеме қабылданған касса туралы, бірыңғай есепке алу жүйесінде аккаунттың бірегей | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | нөмірі туралы; ұтыстар бойынша – төленген әрбір ұтыс туралы, оның ішінде төлем күні мен уақыты, төлем сомасы, бәс тігуге қатысушымен есеп айырысу нысаны туралы, ұтыс төленген касса туралы, бірыңғай есепке алу жүйесіндегі аккаунттың бірегей нөмірі туралы ақпаратты онлайн режимде жіберуді қамтамасыз етпеу | өрескел | |
| Тотализаторлардың қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | | |
| 36 | Бағдарламалық қамтамасыз етумен және (немесе) жабдықты ( механикалық, электрлік, электрондық немесе өзге де техникалық жабдықты) пайдалану және (немесе) оқиғаны тікелей трансляциялаудан басқа кез келген визуализациялау жолымен туындайтын оқиғаларға бәс тігуді ұйымдастыруға және жүргізуге тыйым салуды сақтамау; | өрескел | |
| 37 | Есептік деректерде мынадай ақпаратты ұсыну туралы талаптарды сақтамау:<br>1) бейнежазба жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;<br>2) кассалар тізімі және қызметкерлер саны туралы мәліметтер;<br>3) қызмет түрінен төленген салықтың жалпы сомасы туралы мәліметтер | елеулі | |
| 38 | Тұрғын емес үй-жайларда тотализатор кассаларының орналасуы бойынша талаптарды сақтамау. Оларды тұрғын үйлердің (тұрғын ғимараттардың) тұрғын емес үй-жайларында, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен олардың кешендерінің ғимараттарында және басқа да өндірістік, коммуналдық және қойма объектілерінде, ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), мемлекеттік органдар мен мекемелердің, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет ұйымдарының, әуежайлардың, вокзалдардың ғимараттарында, қалалық қоғамдық көліктің | өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | барлық түрлерінің станциялары мен аялдамаларында орналастыруға тыйым салынады және қала маңындағы байланыс | |
| 39 | Бәс тігуге қатысушыларға нәтижесіне ставкалар жасалған оқиғаның дамуы мен нәтижесін байқауға, сондай-ақ бәс тігуге қатысушыларға тотализатордың электрондық кассаларына немесе қабылданған ставкалар, төленген және төленбеген ұтыстар туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін байланыс қызметтерін қоса алғанда, техникалық құралдарды ұсынуға мүмкіндік беретін жабдықты тотализаторлардың кассаларынан тыс орналастыруға тыйым салуды сақтамау | өрескел |
| 40 | Тотализатор кассаларын жазылған ақпаратты кемінде жеті тәулік сақтауды қамтамасыз ететін және бәс тігудің барлық қатысушыларының әрекеттерін тіркейтін бейнежазба жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамау | өрескел |
| 41 | Тотализатор кассаларын жеке күзет ұйымының немесе аумақтық ішкі істер органының кезекші бөлігінің орталықтандырылған пультіне қосылған металл есікпен, брондалған шынымен және дабыл сигнализациясымен жарақтандыру жөніндегі талаптарды сақтамау | болмашы |
| 42 | Тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу үшін аппараттық-бағдарламалық кешен мен жабдық арқылы міндеттерін сақтамауы жасалған ставкалардың жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәс тігуге қатысушылардың ставкаларын өңдеуді және ұтысты төлеуді жүзеге асыру және қамтамасыз ету | елеулі |
| 43 | Тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының ат спорты жарыстары (ат жарысы, жүгіру) және (немесе) Ит жарысы | өрескел |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шеңберінде болатын алдағы нақты оқиғаларға ставкаларды қабылдау жөніндегі талаптарын сақтамауы | | |
| 44 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарды сақтамау, атап айтқанда:<br>1) Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған жағдайда өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру;<br>2) өз клиенттеріне (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне тиісті тексеру жүргізу кезінде мынадай шараларды жүзеге асыру: жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ заңды мекенжайын тіркеу; клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту;<br>3) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеруді жүзеге асыру | өрескел | |
| 45 | Тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешенмен жабдықтау жөніндегі талаптарды сақтамауы | елеулі | |
| 46 | Тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының ставка қабылданғанға дейін қатысушының жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін деректерді енгізе отырып, аппараттық-бағдарламалық кешен | елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | арқылы бәс тігуге қатысушыны тіркеуді жүргізу міндетін сақтамауы | |
| 47 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешен серверіне, атап айтқанда бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген компьютерлік жүйе болып табылатын бақылау-кассалық машинаны фискалдық режиммен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтамауы. Аппараттық-бағдарламалық кешеннің сервері Қазақстан Республикасының аумағында ойын бизнесін ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша болуы тиіс | өрескел |
| 48 | Тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына ұтыстар коэффициенттерін есептеуді, қабылданған ставкаларды есепке алуды, бәс тігу нәтижелері бойынша ұтыстарды есептеуді, ұтыстарды есепке алуды және олар бойынша төлемдерді аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы жүзеге асыру жөніндегі талапты сақтамауы | елеулі |
| 49 | Аппараттық-бағдарламалық кешеннің тотализаторлар кассаларымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі, уәкілетті органға Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат жинауды және беруді жүзеге асыру жөніндегі тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың талаптарын сақтамауы | өрескел |
| | Жиырма бір жасқа дейінгі жеке тұлғалардың, сондай-ақ құмар ойындарға және (немесе) бәс | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 50 | тігуге қатысуға шектелген адамдардың бәс тігуге қатысуына тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 51 | Мәліметтерді тіркеу, мәліметтер мен құжаттарды сақтау, құжаттарды қорғау бөлігінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды сақтамау | болмашы | |
| 52 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар туралы ақпаратты (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция) ұсынбау (жасалған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей) | елеулі | |
| 53 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға типологияларға, қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциялары туралы ақпаратты ұсынбау | өрескел | |
| 54 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (операция күдікті деп танылған кезде мұндай операция жүргізілгенге дейін оны дереу қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарлау) | өрескел | |
| 55 | Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға күдікті операциялар туралы ақпаратты ұсынбау (олар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған, бақылау субъектісінің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес операция күдікті деп танылғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей ұсынылады) | өрескел | |
| 56 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды ( жылыстатуды), терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды болғызбау | өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | мақсатында ішкі бақылау қағидаларының болмауы | |
| 57 | Ішкі бақылау қағидаларында мынадай бағдарламалардың болмауы:<br>қаржы мониторингі субъектісінің басшы қызметкерлері немесе тиісті құрылымдық бөлімше басшысының деңгейінен төмен емес қаржы мониторингі субъектісінің өзге де басшылары қатарынан ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы талапты, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларын іске асыруға және сақтауға жауапты қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын өзге де талаптарды қоса алғанда, ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы бақылау, оның ішінде мінсіз іскерлік беделдің болуы туралы; клиенттердің тәуекелдерін және технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, қызметтерді қылмыстық мақсатта пайдалану тәуекелдерін ескеретін тәуекелдерді басқару бағдарламасы;<br>клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы; клиенттердің операцияларын бақылау және зерттеу бағдарламасы, оның ішінде клиенттердің күрделі, әдеттен тыс үлкен операцияларын зерттеу | өрескел |
| 58 | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында даярлау және оқыту бағдарламасының болмауы | болмашы |
| 59 | Клиентке іскерлік қатынастар орнатудан және ақшамен және ( немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту және (немесе ) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға іскерлік | елеулі |

| | | |
|---|---|---|
| | қатынастар орнатудан және ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден бас тарту туралы ақпарат бермеу жөніндегі міндеттерді орындамау | |
| 60 | Ақшамен және (немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөнінде шаралар қолданбау және (немесе) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға ақшамен және ( немесе) мүлікпен операцияларды мұздату жөніндегі шаралар туралы ақпарат ұсынбау фактілерінің болуы | өрескел |
| 61 | Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудың қауіп-қатерлері мен зияны туралы ескертуде болжамды теріс салдардың қамтылуы болмауы | болмашы |
| 62 | Мүліктік өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар, атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізген тұлғалардың бәс тігуге қатысуына салынған тыйымды орындамау | өрескел |
| 63 | Уәкілетті орган бекіткен ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларына тотализаторлардың, мөлшерлемелер қабылдаудың және (немесе) бәс тігудің жұмыс қағидаларының сәйкес келмеуі | өрескел |
| 64 | Бірыңғай есепке алу жүйесінде есепке алынбаған тотализатордың кассасында мөлшерлемелерді қабылдауына және ұтыстарды төлеуіне тыйым салу | өрескел |
| | Бірыңғай есепке алу жүйесінде есепке алынбаған ұтысты төлеуді қоса алғанда, бәс тігуге қатысушы мен тотализатор арасында, оның | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 65 | ішінде электрондық ақшаны пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға (жүзеге асыруға) тыйым салуды сақтамау | өрескел | |
| 66 | Мөлшерлемелер мен ұтыстар бойынша есеп айырысулардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бірыңғай есепке алу жүйесінен тыс жерде тотализатордың электрондық кассасында мөлшерлемелерді қабылдауға және ұтыстарды төлеуге тыйым салу | өрескел | |
| 67 | Бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграцияланбай, аппараттық-бағдарламалық кешендердің жұмыс істеуіне, тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының мөлшерлемелерді қабылдауына және ұтыстарды төлеуіне жол берілмейді | өрескел | |
| | Бірыңғай есепке алу жүйесіне телекоммуникация желілері арқылы қосылған аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы, бәс тігудің әрбір қатысушысы туралы ақпаратты, бәс тігудің әрбір қатысушысы бойынша қабылданған бәс тігу мөлшерлемелері (оның ішінде электрондық), бәс тігудің шығу нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдерді, оның ішінде:<br>бәс тігуге қатысушылар бойынша – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса ), жеке сәйкестендіру нөмірі (бәс тігу қатысушыларға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), бірыңғай есепке алу жүйесінде аккаунттың бірегей нөмірі; ойын бизнесін ұйымдастырушылар бойынша – заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы, салық салу объектісінің түрі, кассалар тізбесі (әрбір касса үшін оның ішінде кассаның түрі (жер үсті/ электрондық), кассаның орналасқан жері), лицензия | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 68 | туралы деректер (лицензияның нөмірі, берілген күні және аяқталған күні); тігілген бәс бойынша – әрбір мөлшерлеме бойынша бірыңғай есепке алу жүйесінде аккаунттың бірегей нөмірі, бәс тігу шарттары, оның ішінде бәс тігу жасалған күні мен уақыты, бәс тігу сомасы, бәс тігу нәтижесіне тәуелді болатын оқиғалар нәтижелерінің тізбесі, бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, бәс тігу нәтижесін есептеу күні мен уақыты, бәс тігу нәтижесі (ұтыс, жоғалту, жою), бәс тігу бойынша ұтыс немесе қайтару сомасы, сондай-ақ спорттық іс-шаралар, чемпионаттар және спорт түрлері бөлінісінде бәс тігудің есепті тоқсаны ішінде барлық мөлшермелердің жалпы сомасы мен саны туралы ақпарат; қабылданған мөлшерлемелер бойынша – әрбір қабылданған мөлшерлеме туралы, оның ішінде оны қабылдау күні мен уақыты, мөлшерлеме сомасы, мөлшерлемеге қатысушымен есеп айырысу нысаны туралы, мөлшерлеме қабылданған касса туралы, бірыңғай есепке алу жүйесінде аккаунттың бірегей нөмірі туралы; ұтыстар бойынша – төленген әрбір ұтыс туралы, оның ішінде төлем күні мен уақыты, төлем сомасы, бәс тігуге қатысушымен есеп айырысу нысаны туралы, ұтыс төленген касса туралы, бірыңғай есепке алу жүйесіндегі аккаунттың бірегей нөмірі туралы ақпаратты онлайн режимде жіберуді қамтамасыз етпеу | өрескел | |

Қазақстан Республикасының
ойын бизнесі туралы
заңнамасын сақтаудың тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
4-қосымша

## Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне (объектілеріне)

## Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

Ескерту. 4-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 21.04.2026 № 69 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 23.04.2026 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Өлшемшарттар 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 11.05.2023 № 124 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 12.05.2023 № 62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің м.а. 23.10.2024 № 188 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 24.10.2024 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| № р/с | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1 | Ұсынылған анықтамаларда букмекерлік кеңселердің қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтің мөлшері 40000 айлық есептік көрсеткіш) | өрескел |
| 2 | Ұсынылған анықтамаларда тотализаторлардың қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның болуы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтің мөлшері 10000 айлық есептік көрсеткіш) | өрескел |
| 3 | Ұсынылған анықтамаларда букмекерлік кеңселердің қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтердің болмауы (міндетті резервтің мөлшері 40000 айлық есептік көрсеткіш) | өрескел |
| 4 | Ұсынылған анықтамаларда тотализатордың қызметін жүзеге асыру үшін банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақша қозғалысы туралы мәліметтердің болмауы ( | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | міндетті резервтің мөлшері 10000 айлық есептік көрсеткіш) | |
| 5 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың уәкілетті органға банктік салым шартын жасасу кезінде ашылған банктік шоттар бойынша ақшаның болуы және қозғалысы туралы анықтаманы кемінде үш айда бір рет ұсынбауы | өрескел |
| Букмекерлік кеңселердің қызметін жүзеге асыратын субъектілер үшін | | |
| 6 | Букмекерлік кеңсенің қызметін жүзеге асыру үшін меншік құқығында ғимараттың (ғимараттың, құрылыстың, құрылыстың бір бөлігінің) болмауы | өрескел |
| 7 | Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында рұқсат беру құжатының болмауы (эпидемиялық маңызы жоғары объектілер үшін-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу, эпидемиялық маңызы шамалы объектілер үшін-қызметтің басталғаны туралы хабарлама) | елеулі |
| 8 | Қызметті жүзеге асыру үшін меншік құқығында бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу үшін жабдықтың болмауы | елеулі |
| 9 | Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензия алған заңды тұлғалармен шарттардың болмауы | болмашы |
| 10 | Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың букмекерлік кеңселердің қызметін жүзеге асыру үшін 40000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде міндетті резервтерге қойылатын талаптарды сақтамауы | өрескел |
| | Букмекерлік кеңсенің кассасында, сондай-ақ ойын бизнесін ұйымдастырушының интернет-ресурсында (бар болса) көрнекті жерде орналастырылған букмекерлік кеңсенің жұмысының, ставкаларды қабылдаудың және қазақ және орыс тілдерінде бәс | |

| | | | |
|---|---|---|---|
